

**ЖШС «Наурызбай» бөбекжай балабақшасының  
№1 педагогикалық кеңес мәжілісі  
отырысының хаттамасы.**

*Тақырыбы: Оқу тәрбие жұмысындағы өзгерістерді меңгерту,  
2023-2024 оқу жылының мақсаты мен міндеттері*

31.08.2023ж.

Қатысушылар :22

Қатыспағандар:0

***Күн тәртібінде:***

1. Балабақша бойынша 2023-2024 жаңа оқу жылына арналған жоспардағы өзгерістерді талқылап, бекіту.
2. Балабақшаның жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы.
3. Нормативтік құжаттарды таныстыру.
4. Педагогтардың 2023-2024 оқу жылына арналған оқу жоспарлары, перспектива, циклограмма, ұйымдастырылған іс әрекет кестесі, күн тәртібін бекіту.
5. Іскерлік ойын.
6. №1 Педкеңес шешімі.

*Тыңдалды:* Өткен педагогикалық кеңес шешімдері бойынша балабақша әдіскері Р.Шиналиеваның хабарламасы тыңдалды. Келесі сөзді балабақша меңгерушісі Б.Елжанов биылғы оқу жылындағы жылдық жоспарды таныстырып өзгерістерді айтып өтті, жылдық жоспар талқыланып бекітілуге ұсынылды.

*Пікір :* тәрбиеші Ж.Тұтқабаева жылдық жоспар бойынша биылғы өзгеріс әрбір тәрбиешіге шығармашылық тақырыптар берілген, ол деген тәрбиешінің өз бетімен ізденуіне, және шығармашылық жұмыспен жұмыс жасау үшін қолайлы екенін атап өтті.

Жазғы сауықтыру шынықтыру маусымындағы атқарылған жұмыстар туралы хабарламаны балабақша әдіскері, психологы және медбикесі жасады. Жалпы жаз мезгілінде жоспарланған іс-шаралар.

Келесі сөзді балабақша әдіскері алып биылғы оқу жылында басшылыққа алынатын нормативтік құжаттар мен таныстырды. Оның ішінде білім заңы бойынша балабақшаға қатысты 4 баппен таныстырды, әдістемелік нұсқаулық хатпен, санпин ережелері туралы бұйрықпен таныстырды. Келесі кезекте топтардың жаңа оқу жылына арналған тәрбиешілерге қатысты құжаттар меңгеруші тарапынан бекітілуге ұсынылды. Балабақша әдіскері тәрбиешілерді екі топқа бөліп алып іскерлік ойын жүргізді, топ мүшелері жеребе алу арқылы қорғайтын тақырыптарын таңдады. Бірінші топ «Мектепке дейінгі ұжымның имиджін қалыптастыру» бойынша, екінші топ «Жалпыға міндетті білім беру стандарты» бойынша тәрбиеші қандай жұмыстар атқаратынын атап өтіп филичарт қорғауға тапсырмалар берілді.

Бірінші топ басшысы тобымен ақылдаса отырып, балабақша имеджін қалыптастыру үшін, ең алдымен психологиялық ахуалдың

тұрақтылығы, тәрбиешілерің кәсіби біліктілігі сонымен қатар балабақшаның заман талабына сай болып бәсекелестікке қабылеттілігі жоғары болу керектігін атап өтті.

Екінші топ стандарт бойынша өз пікірлерін ортаға салды, онда стандарт біздің жүйелі жұмыс жасауымыз үшін оны күнделікті оқып, танысып отыруымыз керек, бағдарламаны жүзеге асыру, топта заттық дамытушы орта жасақтау, күн тәртібін сақтау, балалардың ерекшелігі мен қажеттіліктерін ескере отырып білім мен тәрбие беру керектігін атап өтті. Күн тәртібіндегі мәселелерді саралай келе педагогикалық кеңес төмендегідей шешім қабылдады:

#### *Шешім:*

1. Балабақша бойынша 2023-2024 жаңа оқу жылына арналған оқу жоспары бекітілсін.
2. Балабақшаның жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы қанағаттандырарлық деп есептелсін.
3. Нормативтік құжаттарды балабақшаның тәрбиелеу мен білім беру күнделікті жүзеге асырылсын.
4. Педагогтардың 2023-2024 оқу жылына арналған оқу жоспарлары перспектива, циклограмма, ұйымдастырылған іс әрекет кестесі, күн тәртібі бекітілсін.
5. Шешімдердің орындалуын қадағалау әдіскере жүктелінсін.

Жиналыс төрағасы:

Хатшы:



Б.Елжанов

Ф.Хурматова

**ЖШС «Наурызбай» бөбекжай балабақшасының  
№2 педагогикалық кеңес мәжілісі  
отырысының хаттамасы.**

*Тақырыбы: Оқу тәрбие жұмысындағы өзгерістерді меңгерту,  
2023-2024 оқу жылының мақсаты мен міндеттері*

20.11.2023ж.

Қатысушылар :22

Қатыспағандар:0

*Күн тәртібінде:*

1. №1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Құм терапиясы балабақшада.
3. Шебер сынып «Балабақшада құммен салудың дәстүрден тыс техникасына қызығушылық»
4. Іскерлік ойын.
5. Ағымдағы мәселелер, №2 педкеңестің шешімі.

Келесі педкеңеске тапсырма : «Құммен, сумен айналытатын» ойындар картотекасын дайындау.

*Тыңдалды:* Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Б.Елжанов сөз алып өткен педагогикалық пед кеңес шешімдерінің орындалуына тоқталып өтті.

Топ тәрбиешісі Тұтқабаева Жамал апайдың шығармашылық тақырыбы құм терапиясын балабақшада қолданудың тиімділігі туралы баяндама оқыды. Баяндамада құм терапиясының пайдасы туралы нақты мысалдармен келтірді. Сонымен қатар құм терапиясын ұйымдастырылған іс әрекеттерге қалай пайдалануға болатынын крсетті, математика негіздері оқу қызметіне және сурет салу оқу қызметтеріне қалай пайдалынатын көрсетті. Әдіскер Р.Шиналиева тәрбиешілермен бірге қызықты ойын ұйымдастырылды. Тәрбиешілерге келесі пед кеңеске дейін тапсырма берілді құммен сумен айналытатын ойындардың картотекасын жасауды тапсырды.

*Жиналыс шешім етеді:*

1. №1 педкеңестің шешімдері толық орындалды деп есептелсін.
2. «Құм терапиясы балабақшада» атты баяндама толықтырылып, үздік педагогикалық идеялар фестиваліне ұсынылсын.
3. Шебер сынып «Балабақшада құммен салудың дәстүрден тыс техникасы балабақшаның іс тәжірибесі не енгізілсін.
4. Іскерлік ойында қолданылған ойындар іс тәжірибеге енгізілсін.
5. Ағымдағы мәселелер, педкеңестің шешімі қабылдансын.

Жиналыс төрағасы:



Б.Елжанов

Хатшы:

Ф.Хурматова

## ЖШС «Наурызбай» бөбекжай балбақшасының

### Педагогикалық кеңес хаттамасы №3

Тақырыбы: Оқу тәрбие жұмысындағы өзгерістерді меңгерту,  
2023-2024 оқу жылының мақсаты мен міндеттері

25.01.2024ж.

«Наурызбай» б\б

Төрағалық етуші: Б.Елжанов

Хатшы: Хурматова Ф.

Қатысқандар: 22

#### Күн тәртібі

1. №2 педкеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. «Денсаулық технологияларын тиімді пайдалану арқылы балалардың денсаулығын нығайту».
3. Балалардың бірінші жарты жылдықтағы денсаулық көрсеткіштері
4. Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша аралық даму мониторингі.
5. Ағымдағы мәселелер.

#### Тыңдалды:

Жиналысты балабақша меңгерушісі ашып беріп, өткен педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалу барысын айтып өтті. Келесі сөзді балабақша тәрбиешісі Силаганова Тоғжанға сөз берді, ол өз сөзінде бүгінгі баяндама тақырыбымен таныстырып, баяндамасын оқып шықты.

«Денсаулық технологияларын тиімді пайдалану арқылы балалардың денсаулығын нығайту» атты баяндамаға қояр сұрақтарыңыз барма-деп әдіскер мен тәрбиешілерге ұсыныс тастады. Өз тарапынан баяндаманы әлі де толықтыру керектігін, тақырыпты толық аша алмағандығын айтып өтті. Бұл ұсынысты басқа да тәрбиешілер қолдады.

Келесі сөзді балабақша медбикесі сөз алып, бірінші жарты жылдықтағы балалардың денсаулық көрсеткіштеріне талдау жасады, балалар арасында жұқпалы, тері аурулары тіркелмеді, жедел ресептрлі тұмаумен ауырған балалардың көп еместігін атап өтті.

Келесі мәселе бойынша әдіскер аралық мониторинг нәтижесі жақсы екендігін, тәрбиешілер мониторингті дер кезінде бақылап, төмен деңгей және

орташа деңгейдегі балалармен түзету шараларын жүргізу керектігін атап өтті.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе шешім қабылданып келесі педагогикалық кеңеске тапсырмалар берілді:

Жиналыс шешім етеді:

- 1.№2 педкеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттандырылдық деп есептелсін.
2. «Денсаулық технологияларын тиімді пайдалану арқылы балалардың денсаулығын нығайту» атты баяндама толықтырылып түзетулер енгізілсін.
- 3.Балалардың бірінші жарты жылдықтағы денсаулық көрсеткіштері қанағаттандырылдық деп есептелсін.
- 4.Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша аралық даму мониторингі бойынша балалардың даму карталары жасалынып, түзету шаралары жүргізілсін.
- 5.Ағымдағы мәселелер,№3 педкеңестің орындалуы әдіскерге жүктелсін.

Жиналыс төрағасы:

Хатшы:



Б.Елжанов

Ф.Хурматова

***ЖШС «Наурызбай» бөбекжай балбақшасының***

***Педагогикалық кеңес хаттамасы №4***

*Тақырыбы: Оқу тәрбие жұмысындағы өзгерістерді меңгерту,  
2023-2024 оқу жылының мақсаты мен міндеттері*

29.05.2024ж.

«Наурызбай» б\б

Төрағалық етуші: Б.Елжанов

Хатшы: Хурматова Ф.

Қатысқандар: 22

**Күн тәртібі**

- 1.Өткен педагогикалық кеңестің шешімін талдау.
- 2.Әдіскердің бір жыл ішінде істеген жұмыс жайлы есебі.
- 3.Балалардың аурушандық деңгейін талқылау.
- 4.Жазғы сауықтыру кезеңіне жұмыс жоспарын бекіту.
- 5.№4 Педагогикалық кеңес шешімі.

*Тыңдалды:*Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша балабақша меңгерушісі сөз алып,күн тәртібін,өткен педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуына талдау жасады,шешімдер орындалғандығын атап өтті.Келесі кезекті топ тәрбиешілерінің бір жыл бойғы атқарылған жұмыстарының есебімен таныстырып өтті.

Келесі сөзді әдіскер алып,жыл бойғы балабақшадағы атқарылған жұмыс есебін,жыл бойы балабақшада тәрбиешілермен бірге нормативтік құжаттармен жұмыс жасалғандығы,балабақшаға балалардың толық қамтылуы үшін толық жағдай жасалғандығын атап өтті. Балабақша медбикесі аурушандық деңгейіне толық талдау жасады.

Келесі жаз мезгіліне жасалған жұмыс жоспарымен таныстырылды. Ондағы жоспарланған іс-шаралармен таныстырылды.

Күн тәртібіндегі қаралған мәселелерді саралай келе шешім қабылданды.

Жиналыс шешім етеді:

- 1.Өткен педагогикалық кеңестің шешімдері қанағаттандырушылық деп есептелсін.
- 2.Әдіскердің бір жыл ішіндегі істеген жұмысы жайлы есебі қабылдансын.
- 3.Балалардың аурушандық деңгейін талқылау жоғары деңгейде деп есептелінсін.
- 4.Жазғы сауықтыру кезеңіне жұмыс жоспары бекітілсін.
- 5.№5 Педагогикалық кеңес шешімі қабылдансын.

Жиналыс төрағасы:

Хатшы:



Б.Елжанов

Ф.Хурматова